



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері енді мектептердің жұмысын бағалауға қолданылады. Білім және ғылым министрлігі тестілеу қорытындылары негізінде мектептер, сондай-ақ пәндер бойынша талдау жасалатынын хабарлады.

Министрлік бірнеше жыл бұрын ҰБТ қорытындысы бойынша мектептер рейтингін өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылдаған болатын. Оған қоса мектептер оқушыларды ҰБТ-ға тіркеу және

Мысалы, математика пәні мұғаліміне өз оқушыларының бір бөлігі кейбір есептерді нашар шығаратынын байқауға болады. Талдау соның себептерін анықтауға септігін тигізеді. Дәлірек айтқанда, мұғалімнің өзі түсіндіруде қиналатыны немесе бағдарламада уақыт жеткіліксіздігі, оқулықтағы сұрақтар мәселесі секілді себептерді білуге мүмкіндік береді. Тиісінше, талдауға байланысты оқу бағдарламаларын пысықтау, мұғалімдердің мақсатты түрде

## ҰБТ-2022: Наурыздағы өзгерістер

өтініштер жинау міндетінен де босатылды. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, мұның бірнеше себебі болды. Айталық, мұғалімдерге қосымша жүктеме болатыны, үлгерімі нашар оқушыларды ҰБТ-ға қатысудан шеттету, әкімдіктердің өңірдің орташа ұпайын әртүрлі тәсілмен көбейтуге тырысуы осындай шешім шығаруға түрткі болған.

«ҰБТ-ның орташа балы диагностикалық функцияны орындай алмады. Тек орташа балды білу пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етілгені ғана білдірмейді. Ал егер тақырыптар мен пәндер бойынша талдау болса, бұл басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Қазір қабылданған шешім өз рөлін атқарғанын, педагогтер мен мектептерге түсетін жүктемені азайтқанын көріп отырмыз. Яғни оқушылар ҰБТ-ға электронды форматта өз бетінше өтініш берді және оларды ҰБТ-дан шеттету, сондай-ақ тек тест арқылы ғана дайындау және әкімдіктердің облыс рейтингіне ықпал ету әрекеттері тоқтатылды. Енді ҰБТ қорытындысы бойынша әр мектеп, облыс, тіпті пән бойынша талдау жасап, оны мектептердің жұмысын бағалау үшін пайдалануға шешім шығардық. Электронды форматқа көшу енді тестілеуге тақырыптық талдау жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жаңалықты біз наурыз айындағы ҰБТ кезінде қанатқақты жоба ретінде енгіздік», деді А.Аймағамбетов.

Министрдің мәлімдеуінше, талапкер бұдан былай тестілеуді аяқтағаннан кейін жинаған ұпайларының нәтижесін ғана емес, сонымен қатар қандай тақырыптарды білетіні және қайсысына көңіл бөлу қажет екені туралы қосымша талдау алады. Дәл осындай талдау мектепке де, нақты пәнге қатысты да, аудан, облыс және жалпы республика көлемінде де жасалады. Бұл талапкерлерге қандай тақырыптарға назар аудару, қандай тақырыптарды күшейту керінін көруге мүмкіндік береді. Яғни сынаққа қатысушылар қазірдің өзінде өздерінің әлсіз тұстарын анықтап, жеке тақырыптарға көбірек уақыт бөліп, қателермен жұмыс істей алады.

«Осыған қоса мұғалімдер де оқушылардың қандай тақырыптарда қиналғанын көреді.

біліктілігін арттыру, біліктілікті арттыру бағдарламаларын өзгерту бойынша шешімдер қабылдай аламыз. Жазғы ҰБТ қорытындысы бойынша әрбір мектеп, облыс, мұғалім және түлек осындай талдау алады», деді А.Аймағамбетов.

Наурыздағы ҰБТ қорытындысына келсек, шекті балл жинаған талапкерлердің саны азайды. Қаңтардағы тестілеуде талапкерлердің 70%-ға жуығы шекті балл жинаса, наурызда бұл көрсеткіш небәрі 65%-ды құрады. Сәйкесінше орташа балл да қаңтардағы нәтижеден төмен, яғни 68-ден 65-ке түсті.

Сонымен Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының басшысы Руслан Емелбаев таратқан ақпаратқа сүйенсек, наурыздағы ҰБТ-да ең жоғары көрсеткіш 134 балды құрады. 28 қатысушының нәтижесі 130 балдан асты. Тестілеуге қатысуға 105 мыңға жуық өтініш келіп түсті, оның жартысынан көбі ҰБТ тапсырып үлгерді. Қатысушылардың 74,2%-ы қазақ тілінде, 25,6%-ы орыс тілінде, 0,2%-ы ағылшын тілінде тестілеуден өтті.

«Наурыз айындағы ҰБТ-ға ерекше білім беруді қажет ететін 130 бала қатысты. 2022 жылдан бастап ерекше қажеттіліктері бар түлектерге тестілеу тапсырмаларын орындау үшін негізгі 240 минуттан бөлек, тағы қосымша 40 минут уақыт беріледі. Ең көп таңдалған бейінді пәндер комбинациясы өзгермеді: «Математика-Физика» (25%), «Химия-Биология» (17%). Ал ең аз таңдалатын комбинация «Химия-Физика» (0,13%) болды. Бұл пәндерді тапсырып «Химиялық инженерия және процестер» білім беру бағдарламасын таңдауға болады. 63 адам смартфондарды, шпартгалкаларды және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тестілеуден өту мүмкіндігінен айырылды. 135 адам тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиторядан шығарылды және олардың нәтижелері жойылды. Кейбірі калькулятор алып кірмекші болған. Осы ретте калькулятор, Менделеев және тұздардың ерігіштік кестелері компьютерге жүктелгендігін еске салғым келеді», деді Р.Емелбаев.

**«Егемен Қазақстан»  
газетінен ықшамдалып  
алынды.**

## ЭЕБ: Қандай мамандар сұранысқа ие?

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының деректері бойынша биыл ақпанда Электрондық еңбек биржасында (ЭЕБ) 72,3 мың бос жұмыс орны және 54,6 мың түйіндеме орналастырылған. Осымен бос орындар саны 5,9%-ға өсті, ал жарияланған түйіндемелер саны қаңтармен салыстырғанда 22,2%-ға төмендеді.

Қаңтарда ізденушілер орналастырған түйіндемелердің саны бос орындар санынан 1,9 мыңға асып кетсе, ақпан айында бос орындар мен жұмыс іздеп жүрген адамдар арасындағы алшақтық бос орындар пайда-сына 17,7 мыңды құрады. Өткен аймен салыстырғанда ЭЕБ-дағы бос орындар саны 4 мыңға өсті, ал түйіндеме 15,6 мыңға азайды.

Ақпанда өңірлік талдау тек бес өңірде ЭЕБ-те бос орындар санының төмендегенін көрсетеді: Шымкент қаласында (-37% немесе 1,3 мың бос жұмыс орынға), Жамбыл облысында (-14% немесе 400 бос жұмыс орынға), Нұр-Сұлтан қаласында (-13,7% немесе 1,3 мың бос жұмыс орынға), Қызылорда (-12,3% немесе 200 бос жұмыс орынға) және Ақтөбе (-6,5% немесе 180 бос жұмыс орынға) облыстарында. Сұраныстың ең жоғары өсімі Маңғыстау



(+56,4% немесе 1 мың бос жұмыс орны), Павлодар (+36% немесе 1,3 мың бос жұмыс орны) облыстарында, Алматы қаласында (+32,4% немесе 1,8 мың бос жұмыс орны) және Ақмола облысында (+23,4% немесе 500 бос жұмыс орны) байқалды.

Ізденушілер тарапынан белсенділіктің ең көп төмендеуі Алматы қаласында (-3,3 мың немесе -49,4%), Қызылорда облысында (-3,3 мың немесе -47%), Жамбыл облысында (-2,4 мың немесе -42%) және Шымкент қаласында (-2 мың немесе -42%) байқалды.

«Бұл ретте біліктілігі жоқ еңбек ресурстарына сұра-

ныс қатты өзгерістерге ұшыраған жоқ, ал ұсыныс өткен аймен салыстырғанда 33%-ға қысқарды. Автомобильдер мен автобустардың жүргізушілеріне, буып-түюшілерге, технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарьларға және технологиялық жабдықтарды монтаждаушылар сияқты білікті кадрларға сұраныс арта түсті. Ал өткен аймен салыстырғанда бос жұмыс орындары шет тілі мұғалімдері, тас қалаушылар, call-орталық операторлары және құрылыстағы электршілер үшін аз орналастырылды», деді ЕРДО басқарушы директоры Александра Молчановская.

## Зейнетақы жүйесін жаңғыртуда қандай өзгеріс жасалады?



2,9 трлн теңге). Бұл ретте зейнетақының орташа мөлшері 105 538 теңгені құрайды. Оның ішінде ынтымақты зейнетақы – 72 914 теңге, базалық зейнетақы – 32 624 теңге.

Халықтың жалпы әлемдік қартаю үрдісі елімізге де сөзсіз әсер етеді. БҰҰ болжамдары бойынша, 2050 жылға қарай еңбекке қабілетті халыққа жүктеме екі есе артады, зейнеткерлер саны 3 млн-нан аса адамға жетеді. Осылайша, 1 зейнеткерге еңбекке қабілетті жастағы 3,5 адам ғана келеді.

Ынтымақты жүйенің жинақталуымен 2028 жылға қарай зейнетақы ел бойынша орташа айлық жалақының шамамен 47,4%-ын ғана (БЖЗҚ-ның актуарлық бағалауы бойынша) алмастырады. Бүгінгі таңда шешуші шаралар қабылданбай, өткен ғасырдың 80-жылдарында дүниеге келген, зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру деңгейі өте төмен болады. Олардың зейнетақысы 2040 жылға қарай жоғалған еңбек табысының тек 39,2%-ын ғана жабады. Кейінгі ұрпақ үшін бұл жағдай одан да төмендей түседі. Мысалы, 2060 жылы зейнетақы жоғалған табыстың 29,5%-ын ғана жабады.

Азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін дамыту – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Болашақта зейнетақы жүйесінің тиімділігін жолға қою үшін қазіргі уақытта зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі қолданыстағы тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтыруларды мүдделі мемлекеттік органдар және тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ Президент жанындағы реформалар жөніндегі Жоғары кеңес қарады. Бұл туралы аталған ведомствоның баспасөз қызметі хабарлады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 2 млн-нан аса зейнеткер бар. Мұны еңбекке қабілетті жастағы азаматтармен салыстырғанда, әр зейнеткерге шамамен жұмысқа жарамды 7 адамнан келеді. Республикалық бюджет шығыстарының төрттен бір бөлігі жыл сайын зейнетақы төлеуге жұмсалады (2022 жылы

## Саяси реформалардың ерекшеліктері мен бағыттары

1. Президент өкілеттілігін шектеу
2. Пропорционалды және мажоритарлы аралас сайлау жүйесін енгізу
3. Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта жасақтау
4. Мәслихаттардың рөлін күшейту
5. Саяси партияларды тіркеу процедурасын жеңілдету. Партиялық жүйенің мүмкіндіктерін кеңейту
6. Сайлау процессін жетілдіру
7. Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен ашықтығы
8. Азаматтық қоғам институттары мен БАҚ өкілдерінің рөлін арттыру
9. Азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау

## Ардагерлердің кезекті пленумы өтті



Өткен аптаның жұмасы күні Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің үшінші пленумы болып өтті. Пленум жұмысын Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ашып, жүргізіп отырды.

Ардагер—құрметті ардақты, қадірлі адам деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елеулі еңбек сіңірген абыройлы адамды халық ардагер деп жоғары бағалайды. Ардагер әр шаңырақтың айналып қонар қасиетті тұғыры, берекесі мен ұстыны, ақыл-гөйі мен тілеуқоры.

Ардагерлер өтіп жатқан тарихымыздың тірі куәгері ғана емес сол тарихты жасаушылар. Ұлы Абай "Дүние-үлкен бір көл, замана-соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, кейінгі толқын—інілер, кезегімен келінер, баяғыдай көрінер" деп бекер айтпаған. Қазақта, «Ауылыңда абыз қарияң болса—жазып қойған хатпен тең» дегенде сөз бар. Әрқашанда қарияларымыз, ақ жаулықты алтын қарсақты әжелеріміз

аман болсын!—деп пленумды жылы сөзбен бастаған кеңес төрағасы кеңес мүшелерін жақында ғана Қазақстан халқына жолдаған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» атты Жолдауы шеңберінде пікір алысуға шақырды. Жан жақты қолдаулары мен жолдаудан туындаған жайларға өз ойларын қосты. Президент Жолдауы туралы Созақ аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ә.Сахиұлының әзірлеген баяндамасы тыңдалды.

Пленумның күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмыстары туралы кеңес төрағасының хабарламасы тыңдалды. Аталмыш жиында аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері М.Жақсыбаев, Б.Арынбеков, Б.Тұрғанбаев, Н.Жасұланов, А.Шәдібеков П.Сақтапбергелі, Т.Төленбек, Қ.Берденовтер өз ойларын ортаға салды. Онда жедел жәрдем көлігін, қан тексеру

орталықтарын, перзентхана мәселелері ауданның өз шеңберінде шешу тәңірегінде көкейде жүрген мәселелерін тиісті орындарға жеткізу жайы айтылды.

Пленум жұмысын қорытындылаған кеңес төрағасы Қабылбек Аманбекұлы:—Өздеріңізге белгілі 2022-жылдың қаңтар айында, Маңғыстаудан басталып, еліміздің түрлі қалаларында орын алған бейбіт шерудің соңы лаңкестік оқиғаларға, қалалардың қирауына, адам өліміне және жазығы жоқ адамдардың зардап шегулеріне, қамалуларына, кәсіпкерлік нысандардың бұзылуына, тоналуына әкеп соқты. Түсініксіз жағдайлар орын алды. Бұл мәселенің неден шыққанын, қандай мақсатпен ұйымдастырылғанын, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің 16 наурыз күні халыққа арналған жолдауында түсіндіріп, елді бірлікке, тыныштыққа шақырды. Көпті көрген ардагер қариялар ретінде мемлекет басшысының жолдауын қолдап, халық арасында үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Сонымен қатар биылғы жылы Республикалық ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толып отыр. Осыған орай, салтанатты жиындар, түрлі іс-шаралар өткізуді барлық бастауыш ардагерлер ұйымдары ұйымдастыруы керек деген басты бағдарды байыпты бағыт ете отырып пленум жұмысын қорытты.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Тазалық жұмыстары жалғасуда



Аудан көлемінде санитарлық-тазалық жұмыстары жалғасуда. Бүгін аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы көшелерде тал көшеттері егілді. Апта басында көркейту-

кегалдандыру жұмыстары бойынша өткен жиында аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының тарапынан бірқатар сектор жұмысына қатысты сын-ескертпелер айтылған болатын. Өткен, сенбі, жексенбі, дүйсенбі күндері бөлім, мекеме қызметкерлері өздерінің атына айтылған сын-ескертпелер мен кемшіліктерді жою үшін қыруар жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде үй іргесі сыртындағы құрылыс қалдықтарымен тұрмыстық қалдықтар «Созақ-сәулет» КММ мен «Шолаққорған су» КММ техникасы арқылы тазартылды. Тал көшеттері егілді. Арық бойы тазартылды. Аудан әкімі жұмыс барысын бақылап, тазалық жұмысына ат салысып жатқан қызметкерлерге ризашылығын білдірді.

**М.ЖЕҢІСУЛЫ.**

## Аудандық прокуратурада

# Мекемеаралық мәжіліс өтті

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында, аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен мекемеаралық мәжіліс өтті. Оған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан прокуроры Ержан Қожабеков және полиция, өзге де мемлекеттік органдары қатысты. Күн тәртібінде аудан аумағында Қазақстан Республикасының «құқық бұзушылық профилактика туралы»



заңының жергілікті өкілі және атқарушы органдардың қолдану жағдайымен орындалу мәселелерін талқылап, атқарылған шаралардың тиімділігін қарады. Сондай-ақ, 2020-2021 жылдары мен ағымдағы жылдың өткен мерзімінде аудан аумағында жол көлік оқиғалары жағдайына қатысты жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен жүргізіліп отырған профилактикалық шараларының тиімділігін талқылады. Созақ аудандық прокуратурасымен 2020-2021 жылдармен биылғы жылдың өткен айларында құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған құқық қорғау және уәкілетті органдарының қылмыстық пен құқық бұзушылықтың алдын-алу, және жолын кесуге бағытталған жұмыстарының тиімділігіне талдау жасалды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауында басымдық берілген қылмыстық процестің үш буынды модельдің тиімділігін талқылады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ӘРДАЙЫМ СІЗБЕН БІРГЕ

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ өмірінің алғашқы күндері мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тағдыры тоғысады.

Бұлай дейтін себебіміз, сәби дүниеге келгеннен-ақ ата-анасы бала тууды тіркеу, бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарына балаларды кезекке қою деген сияқты сан түрлі мемлекеттік қызмет түрлерін алып, тиісті құжаттарын рәсімдейді.

Бүгінгі таңда, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында мекемелерге баруының қажеттілігінсіз мемлекеттік қызметтер көрсету үшін олармен байланысатын, басқарудың жаңа моделі іске асырылуда.

Себебі, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі бағытының бірі - «Цифрлық мемлекетке көшу», яғни тұрғындардың қажеттіліктерін күні бұрын біліп халыққа қызмет көрсетудің функцияларын түрлендіру болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңай алудың бір мысалы «Telegram» месенджері түрлі онлайн-қыз-

меттерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналып, электрондық үкімет порталы боты іске қосылды.

Бүгінгі күні бот арқылы мекенжай анықтамасы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікте болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы, наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез диспансерінен анықтамалар алу сияқты тағы да басқа қызметтерді алу мүмкіндігі бар.

Осындай жеделдік пен шапшаңдықты талап ететін дәуірде, көштен қалмай үрдіске ілескен жөн демекпіз.

Сондықтан да, «Өзіңнен баста» ұстанымын негізге ала отырып, өзіңіздің алтын уақыттарыңызды үнемдеу мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мейлінше «электрондық үкімет порталы», мобильді қосымшалар және месенджерлер арқылы алуға шақырамыз.

**Н.ҮДЕРБАЕВ,**  
**Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттан-дыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы.**



## Президенттік өкілеттілікке шамадан тыс үстемдік беруден бас тарту



1. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет және квазимемлекеттік сектор басшысы болуына тыйым салу
2. Президент өзінің президенттік өкілеттілігін атқару кезінде саяси партияға мүшелігін тоқтатуы қажет
3. Мемлекет басшысының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау
4. Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметінен алу құқын жою
5. Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға қысқарту
6. Президенттің Конституциялық сот төрағасын және Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындау үшін Сенаттың келісімі міндетті
7. Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алу үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

## АУДАН ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Елді мекен атауы	Кездесу өткізілетін күні, уақыты	Жеке қабылдау өткізілетін күні, уақыты, өтетін орны
1	Шу елді мекені	<b>Шу ауылдық округі</b> 08.04.2022ж сағат 11:00 Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы	08.04.2022ж сағат 12:30 Шу ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залы
1	Қылти елді мекені	<b>Тасты ауылдық округі</b> 08.04.2022ж сағат 11:00 ФАП ғимараты	08.04.2022ж сағат 12:30 ФАП ғимараты
2	Тасты елді мекені	08.04.2022ж сағат 15:00 Абай ЖОМ	08.04.2022ж сағат 16:30 Абай ЖОМ
1	Қоңыратарық елді мекені	<b>Жуантөбе ауылдық округі</b> 08.04.2022ж сағат 10:00 "Нұрмат" ШҚ	08.04.2022ж сағат 11:30 "Нұрмат" ШҚ
2	Жуантөбе елді мекені	08.04.2022ж сағат 15:00 С.Сейфуллин ЖОМ	08.04.2022ж сағат 16:30 С.Сейфуллин ЖОМ
1	Тайқоңыр елді мекені	<b>Қыземшек кенті</b> 08.04.2022ж сағат 10:00 Ауылдық клуб	08.04.2022ж сағат 11:30 Ауылдық клуб
1	Ақсүмбе елді мекені	<b>Қаратау ауылдық округі</b> 08.04.2022ж сағат 10:00 Ауылдық клуб	08.04.2022ж сағат 11:30 Ауылдық клуб
2	Сарыжаз елді мекені	14.04.2022ж сағат 11:00 Сарыжаз ЖОМ	14.04.2022ж сағат 12:30 Сарыжаз ЖОМ
1	Раң елді мекені	<b>Қаракүр ауылдық округі</b> 08.04.2022ж сағат 10:00 Ауылдық клуб	08.04.2022ж сағат 11:30 Ауылдық клуб
2	Шаға елді мекені	14.04.2022ж сағат 11:00 С.Бақбергенов ЖОМ	14.04.2022ж сағат 12:30 С.Бақбергенов ЖОМ
1	Қақапансор елді мекені	<b>Созақ ауылдық округі</b> 07.04.2022ж сағат 11:00 "Береке" ШҚ	07.04.2022ж сағат 12:30 "Береке" ШҚ
2	Ыбырай елді мекені	08.04.2022ж сағат 11:00 Құрманғазы ЖОМ	08.04.2022ж сағат 12:30 Құрманғазы ЖОМ
1	Қайнар елді мекені	<b>Сызған ауылдық округі</b> 07.04.2022ж сағат 11:00 А.Макаренко ЖОМ	07.04.2022ж сағат 12:30 А.Макаренко ЖОМ
2	Басбұлақ елді мекені	08.04.2022ж сағат 11:00 Басбұлақ бастауыш мектебі	08.04.2022ж сағат 12:30 Басбұлақ бастауыш мектебі
1	Аққолтық елді мекені	<b>Жартытөбе ауылдық округі</b> 07.04.2022ж сағат 11:00 Ш.Уалиханов ЖОМ	07.04.2022ж сағат 12:30 Ш.Уалиханов ЖОМ
1	Қызылкөл елді мекені	<b>Құмкент ауылдық округі</b> 07.04.2022ж сағат 11:00 Ауылдық клуб	07.04.2022ж сағат 12:30 Ауылдық клуб
1	Қарабұлақ елді мекені	<b>Шолақорған ауылдық округі</b> 07.04.2022ж сағат 11:00 Қарабұлақ бастауыш мектебі	07.04.2022ж сағат 12:30 "Қарабұлақ" бастауыш мектебі
2	Балдысу елді мекені	13.04.2022ж сағат 11:00 Жамбыл ЖОМ	13.04.2022ж сағат 12:30 "Жамбыл" ЖОМ
3	Абай елді мекені	15.04.2022ж сағат 11:00 А.Иманов ЖОМ	15.04.2022ж сағат 12:30 "А.Иманов" ЖОМ
1	Таукент кенті	<b>Таукент кенті</b> 06.04.2022ж сағат 11:00 Таукент кентінің мәдениет үйі	06.04.2022ж сағат 12:30 Таукент кентінің мәдениет үйі

## Жолдауды қолдау

# Жүрегімізге жол таба білді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 наурыз күнгі Қазақстан халқына Жолдауын бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп, оқып мұқият танысып шықтым. Мемлекет басшысы Жолдауда 10 бағыт бойынша іске асатын реформаларды айтты.

Жолдау шын мәнінде жүрегімізге жол таба білді.

«Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік»-деді Президент.

Жолдау елімізді дамытудың демократиялық негіздерін ашық айқындап берген тарихи оқиға. Қазіргі геосаяси жағынан күрделі заманда мемлекетіміздің бүгінгі мен болашағы жолында өте жауапты және батыл бастамалар жасалды. Бүгінгі Жолдау еліміздің тарихи құндылықтары мен қазіргі заманның күрделі дәстүрлерін үндестіре отырып қабылданған шешімдерге толы болды.

Ең үлкен мәселелердің бірі-жергілікті мәслихаттар мен өзін-өзі басқару органдарының өкілеттілігін кеңейту, аумақтың мәселелерді шешуге тұрғындарды белсенді жұмылдыру екені анық. Сайлау жүйесін түбегейлі өзгерту бағытындағы шаралар да ауқымды болмақ.

Жоғарыда айтылған жаңалықтар биылғы Жолдаудағы қадау-қадау бастамалардың бір бөлігі ғана. Алда атқарылатын шаруалардың одан да көп екендігін Президент анық айтты.

**Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,**  
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

## Көңілімізден шықты

Президенттің Жолдауымен бастан аяқ танысып шықтым. Жергілікті өзін-өзі басқаруға байланысты ұсыныстар көңілге қонымды.

Ұлытау, Жетісу мен Абай облыстарының құрылуы да-өте дұрыс бастама.

«Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атаулары мен ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз»-деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы: «Бұқаралық ақпарат құралдарын бәскеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды».

Алдымызда Парламент рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. «Жаңа Қазақстанды» азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз»-деді Тоқаев.

Мемлекет басшысының Қазақстан Халқына Жолдауы аудан жұртшылығының көңілдерінен шықты деп ойлаймын. Ендігі кезекте Мемлекет басшысының игі бастамаларына қазақстандық азаматтар санатында қолдау білдіріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып бірлесе жұмыс жасайық!

**Берік ТҮРҒАНБАЕВ,**  
Созақ аудандық мәслихатының депутаты.

## Баянды болашаққа бастар маңызды құжат

16 наурыз күні Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдау жасаған болатын. Бұл жолғы Жолдау бұрынғылардан өзгек болды деп есептеймін. Себебі, Президентіміз осы жолы елімізде бүгінгі таңға дейін қордаланып қалған біраз түйіткілді мәселелердің шешілу жолын айқындап берді. Көптеген халықтың ойында жүрген мәселелерді тізіп шығып, болашақта еліміз қай бағытта дамитындығын айтты. Елдің әл-ауқатын, жақсы өмір сүруін бүгіннен бастап қамтамасыз ету керек деп нақтылап айтты.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты. Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан оң өзгерістердің ауқымы қандай екенін бағамдауға болады, - деді Президент.

Аталған Жолдауда айтылған барлық саяси реформалар болашақта ел еңсесін көтеруге, баянды болашақ қалыптастыруда маңызды рөлдер атқарады деп сенемін.

**Ернұр ҚАЛХАНОВ,**  
М.Әуезов атындағы мектептің мұғалімі.

Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажет екенін айта келе, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден - бір рухани қазына ордасы – балалар кітапханасы. Балалар кітапханасы – кітап арқылы оқушылардың жан - жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден - бір әлеуметтік орын. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Біздің жауапкершілікті міндетіміз: кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан - жақты дамыған баланы тәрбиелеуге жәрдемдесу. Балалармен тәрбие жұмысын жүргізуде кітапхананың ерекше маңызды болатын себебі: бала кезде оқыған кітап көңілге ұялап қалады, бүкіл өмір бойына өзінің ізін қалдырады. Балалар жылы аясында кітапхана жұмысы оқырманды сапалы қызметпен қамтамасыз ету мақсатында кітапхана-

лық жобалар мен бағдарламаларды енгізуге көп көңіл бөледі. Кітапханалық жобалар: «Бақытты бала», «Жастар Лайф», «Сиқырлы саусақтар», «Кітап арқылы мейірім әлеміне», «Дара бала», «Бала тілі – бал» атты бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітап оқуды ілгерілету, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Жаңа түскен кітаптар», «Балалар әдебиетінің ғажайып әлемі», «Мен кітаппен өсемін», балалар жазушыларының шығармаларын оқырмандарға насихаттау барысында «Балалар бағының бағбандары» атты тұрақты кеңейтілген кітап көрмелері оқырмандарға ұсынылды. Кітапханада өткізілетін іс-шаралардың тәрбиелік тұрғыдан орын алатыны белгілі. Осыған орай кітапханада мектепке



# Ғажайып кітап әлемі

алғаш барушыларға арналған «Кітаппен бірге өсеміз» атты кітапханаға саяхат сабақтары, «Мен елімнің бақытты ұланымын» әдеби танымдық бағдарламалар, «Оқитын балабақша» көшпелі абонемент жұмыстары жүргізілуде. Сәуір айында кітапханашы мен

оқырман арасындағы қарым қатынасты нығайту мақсатында «Кітапханашы және оқырман» атты кітапханалық байқау өткізу жоспарлануда. Рухани жаңғыру үшін, өзгеру үшін алға ұмтылу үшін білім керек. Ал білім көзі – кітапта. Рухани азық іздеген, демалыс уақытын тиімді пайдаланып, өнерге, сан түрлі

қызығушылықтарға қанат қағам деген балаларға кітапхана есігі әрдайым ашық. «Мәдениеттің мәйегі – кітап» деген екен Шерхан Мұртаза, ендеше оқығанын ойына тоқыған, мәдениетті, талғамы биік оқырмандарымыз, өлкеміздің гүлденіп, өркендеуіне, бізбен бірге, өз үлестерін қосады деген

сенімдеміз. Ендеше кітаппен оқудың қадірін түсінетін білімді оқырмандар көп болсын

**Ғалия МАЙМАҚОВА,**  
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.



## Менің алғашқы ұстазым

«Ұстаздық – ұлы құрмет». Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер де бәрі бір адамға қарыздар. Ол – алғашқы ұстаз. Әрбір адамның алғашқы ұстазы болады. Менің алғашқы ұстазым мектеп табалдырығын қорқынышпен аттаған кезімде, өз мейірімділігін көрсетіп, ең алғаш қолыма қалам ұстатты. Біздің білім алатын ұямыз – мектеп екенін түсіндіріп, мектеп ережесімен таныстырып, мектеп ішін аралатты. «Енді оқушы болдыңдар» дегенде өзімді ерекше сезіндім. Алғашқы ұстаз былайша айтқанда, мектептегі екінші анамыз. Менің сүйікті де алғашқы ұстазым – Ғалия Жаңабайқызы анамдай болып кетті. Ал ана әрбір адам ба-

ласына қымбат жан. Ананы қалай ардақтасақ, ұстазды да солай ардақтаймыз. Ұстазымыз әрдайым бізді жылы жүзімен қарсы алатын. Ұстазымды алғаш көргенде, бірден биік шеберлігімен бізді баурап алды. Ғалия апай бізге білім беруге бар күшін салып, көңілі пәк, ойы нәзік шәкірттерінің жүрегіне ақыл дәнін септі. Бізді оқуға, есеп шығаруға, ойымызды айтуға үйретті. Апайымыз біздің тәртібімізге, тазалығымызға қатты мән беретін. Барлық сабақтарын тартымды, әрі қызықты өткізетін. Бізді сабаққа қызықтыру үшін сыныптан тыс іс-шараларды да жиі ұйымдастыратын. Ол әр уақыт керек кезде көмегін аямай, ақылын айтып, жол көрсетіп отыра-

тын дана адам. Мен ұстазым сияқты алға қойған мақсатыма жеткім келеді. Ал менің мақсатым – Абай атамның сөзімен айтсам, осы дүниеге кірпіш болып қалану. Сондықтан мен Ғалия апайымды мақтан тұтамын. Ойыма ой қосып, бізге бар ықыласымен білім берген алғашқы ұстазым Ғалия Жаңабайқызына алғысым шексіз. Менің жарқын болашағыма нұр сепкен апайыма зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр тілеймін.

**Адиля ӘУЕЗХАН,**  
Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп лицейінің 4 «В» сынып оқушысы.

## Кітаппен бірге өсеміз!

2022 жыл Балалар жылына орай Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен балаларды кітап оқуға тарту, кітапты жыртып, күтіп ұстауға, оны дұрыс таңдауға, кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу мақсатында 1 сынып оқушыларына арналған «Кітаппен бірге өсеміз!» атты кітапханалық саяхат ойын өткізілді. Оқушыларды есік алдынан күтіп алған балалар кітапханасының меңгерушісі Ғ.Маймақова кітапхананың ішкі жұмыстарымен таныстырып, балаларды бос уақыттарында көбіне кітапханада өткізуге, кітаппен дос болуға,



кітап оқуға, күнделікті жаңа ақпараттармен танысуға шақырды. Іс шараға Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектептің 1 «Ә» сынып (сынып жетекшісі Утебаева Салтанат, үйірме жетекшісі Қалмұратова Мақпал) оқушылары қатысты. Іс - шарада кітапханашылар Б.Жұмабаева мен Г.Амангелді кейіпкерлерді сомдай отырып, ертегілер әлеміне саяхат жасап, дауыстап оқулар өткізді. Балаларға арналған «Балалар әдебиетінің ғажайып әлемі» атты кеңейтілген кітап көрмесі таныстырылып, оқушылардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыру, дұрыс шешім қабылдауға баулу мақсатында танымдық ойындар жүргізілді. Кітапхананың белсенді оқырманы Нұрай Мәдібай көңілді әндерімен балаларға мерекелі шуақ сыйлады. Іс - шара соңында балалармен фотосельфи ұйымдастырылды. Осындай тағылымды да тартымды іс-шаралар жалғасын табады деген ойдамын.

**Гүлім АМАНГЕЛДІ,**  
Балалар кітапханасының кітапханашысы.



Қазіргі уақытта діни мәселелерді тереңінен ұғынбай, дінге жеңіл көзқарас қалыптастырған азаматтар арамызда жоқ емес. Ол нәрсе әуелі діни сауатсыздықтан бастау алады. Дін мәселелерін терең түсініп, зерттейтін болсақ, жалпы адамзат баласына бұйырылған басты міндеттердің бірі – бойымыздағы адамдық сипаттарын жоғалтпау болып табылады. Себебі, әрбір азаматтың бойындағы адамгершілік, туралық, шыншылдық, көркем мінезділік қасиеттері арқылы үлгілі қоғам қалыптасады. Дін амалдарын толық орындап, алайда, аталған сипаттар бойында табылмайтын азаматтардың күлмен діннің толық түсінетініне үлкен күмән бар. Сон-

рымен үндесіп жатыр. Дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол – өмір сүру мәнері, қарым-қатынас әдебі, моральдық нормалар жиынтығы, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі. Сондықтан, дін мәселесі – руханият мәселесі. Қазіргі уақытта дінге тек қағидалар, қатаң талаптар жүйесі деп қана қарайтын түсінік қалыптасты. Бұл дұрыс емес. Дінді руханият негізі ретінде қарап, оның жасампаз құндылықтарын, рухани әлеуетін басты назарға алғанымыз жөн. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары исламның осындай асыл құндылықтарынан нәр алып, әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан болатын. Әсіресе, соңғы жүз

кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Иmandылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарай білу. Ислам дінінен нәр алып, ұлттық болмысымыздың тұтас жиынтығына айналған данышпан Абай әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап, бауыр-машылдық пен имандылық сезіміне ерекше мән беріп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін кейінгі ұрпаққа қайта-қайта ескертіп отырады.

Ислам діні – тілі мен ділі, дәстүрі мен танымы әртүрлі ұлттар мен ұлыстарды бөле жармай адами құндылықтар төңірегіне ұйыстырады. Бұл ретте хадис тағылымы былай дейді:

## Діндегі адамгершілік принциптері

дықтан, Алла Тағала Құран Кәрімде адам баласы Жаратушының алдында – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты екенін айтқан. Имани құндылықтар – әр адамды бауырым деп сүйе баулитын асыл арқау, ел мен жерді ынтымаққа шақыратын ізгі қасиеттер. Ибн Омар (р.а.) жеткізген хадисте: «Алла елшісі (с.а.с.): «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Нағыз мұсылман бауырына озбырлық жасамайды, оны сатпайды. Кімде-кім мұсылман бауырының қажетіне жараса, Алла Тағала да оның қажетін өтейді.

Кімде-кім мұсылман бауырының қайғы-мұңын сөйлтсе, Алла Тағала оны қиямет-қайымның бір қайғысынан құтқарады. Сондай-ақ, кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, Алла Тағала да қиямет күні оның айыбын жасырады», – деп айтты», – делінген.

Ислам-рухани құндылықтар негізі ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтары дін қағидала-

жылдықтар қазақ ғылымы мен мәдениетін қарыштап дамытты. Ал тәуелсіздіктен кейінгі кезең өркениетті дамуға даңғыл жол ашты. Бұл жетістіктер ұлт дүниетанымында орныққан рухани құндылықтар кешенімен сабақтасып, бүгінгі біздің дәстүрлі руханиятымызда қалыптастырды.

Мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрғыдан қуатты болуы сол елдің имани айнасына байланысты. Иманды мұғалім ізгі ұрпақ тәрбиелесе, иманды дәрігер науқасқа мейірімділік танытып, сырқатын емдесе, иманды басшы халыққа қалтқысыз қызмет етсе, иманды құрылысшы өз ісіне адал болса, міне, сол кезде ғана адамгершілік сапасы биік ұрпақ қалыптастырады. Өмірін дінмен байланыстыра білген ата-бабаларымыз әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін өшпес өнеге қалдыра білді.

Адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол

«Мұсылмандар бір-біріне жанашырлығымен және рақымшылығымен бір дене секілді. Егер дененің бір жері ауырса, онда бүкіл дене онымен бірге ыстығы көтеріліп, ұйқысы қашып, мазасызданады».

Пайғамбар (с.а.с.) үмбеті, біздерді бір үйдің баласындай, тату өмір сүріп, бір-бірімізді қолдап, демеу көрсетуіміз керектігін еске салады. Қазір қоғамның көзі ашық, ғылыми-техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі. Бірақ, бір нәрсе жетіспейді. Бүкіл адамзат соны іздеумен әлек. Ол – рухани азық. Бүгінгі таңда халқымыздың тарихи мұраларын оқып-білу, дін мен дәстүрімізді бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру өмір қажеттілігінен туындап отыр.

**І.НАҒЫЗХАН,**  
**Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**

## Толеранттылық-бейбітшілік кепілі

Жүз отыз ұлттың өкілі мекен етіп жатқан қазақ елінде дінге бөлінушілік жоқ. Қай ұлттың өкілі болсын конфессияаралық толеранттылықты сақтай отырып, қазақ елі әлемде еш жерде жоқ діни татулықтың өлшемін көрсетіп отыр.

Исламда төзімділік, сабырлық, шүкірлік деген құндылықтардың мәртебесі жоғары екені белгілі. Міне, осы ұғымдар бірігіп, бүгінде толеранттылық ұғымын құрап отыр. Толеранттылық – басқа ойға, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сенім-күйге, идеяларға деген төзімділік. Ал, қазіргі таңда бұл ұғым кең мағынаны қамтып, ашық қоғамдық құрылыстың көрсеткішіне айналған төзімділік ұғымы-діни үдерістерден бастау алатын қоғамдық құбылыс. Яғни, толеранттылық – саяси, діни, ұлттық және басқа да қоғамдық топтардың үйлесімді тіршілігін қамтамасыз ететін азаматтық қоғамның негізгі әлеуметтік қағидасы мен құндылығы, әр тұлғаның бірегейлігінің құқықтық көрінісі, әлемдегі мәдениеттердің, ұлттардың ерекшеліктеріне деген құрмет.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Ислам тарихында бұл тақырып ерекше орынға ие екендігі белгілі. Сондықтан, толеранттылықты тиісті деңгейде көріп, түсіне білу үшін ислам тарихындағы «Мадиналық келісім» атты парағынан мысалы келтірейік. Дегенмен, неге Мадиналық келісім? себебі бұл уақытта Ислам мұсылман мемлекетінің ресми діні, ал пайғамбар заң шығаратын құқыққа ие болды. Сонымен «Мадиналық келісім» - деп аталады.

Мадиналық келісімді тарихшылар кейде «сахифа» деп те атайды. Арабша мағынасы – парақ деген сөз, яғни, келісім парақ бетіне жазылған соң солай аталып кеткен. Расында да, Мадиналық келісім мұсылмандардың толеранттылығына анық мысал. Себебі, пайғамбар (с.а.с.) Мадина шаһарына қоныстанған соң жай діни көсем ғана емес, ол енді мұсылман мемлекетінің

саяси басшысына айналды. Демек, бұл мемлекеттің өзіне тиіс нақты шарттары мен заңдары қабылдануы керек. Ол заңдар ондаған жылдар бойы бір-бірімен соғысып келе жатқан түрлі тайпалар мен нәсілдердің арасын қосып, қоғамда бейбіт әрі достық қатынасты орнатуы қажет.

Бұл келісімді жаңа қалыптасып келе жатқан мұсылман мемлекетінің Конституциясы десек болады. Конституция барлық қауымдар мен тайпаларға тең. Конституцияның тармағынан ауытқыған немесе оны орындамаған әрекет – дін бұзушылық және опасыздық болып саналды. Осындай барлығына ортақ заңның арқасында жылдар бойы созылып келе жатқан бір-біріне дұшпан саналып келген түрлі дін өкілдері, тайпалардың басын бір ортаға қосты. Осылайша атадан балаға мирас болып келе жатқан бір-біріне деген дұшпан-дықтың түбіне балта шабылып, жаңа біртұтас қоғам бой көтерді.

Келісімнің бірінші тармағы Мадина тұрғындарының барлығы – мұсылмандар және келісім жасасқан христиандар, яһудилер, мажусилер мен пұтпарастар «біртұтас қоғам» деп жарияланды. Адамдардың ұлтына, шыққан тегіне, діні мен тіліне қарамастан барлығы Мадинаның азаматтары болып табылды.

Олар мұсылмандар сияқты мемлекет қамқорлығына алынды: «Біздің қамқорлығымызға алынған яһудилерге зияндық жасалмайды, ал олардың дұшпандарына көмек көрсетілмейді» - делінген. Ертеде әр тайпаның қалада және далада да өз достары мен дұшпандары болған. Бұлардың арасында соғыс үздіксіз жалғасып, күшті тайпалар әлсіздерге, үлкен тайпалар кішілеріне злымдық жасап келген. Енді бұдан былай Мадинада жасаған бір тайпаның артында бірнеше тайпалардан құрылған күшті мемлекет тұрды.

Осылайша мұсылмандар барлық

тайпаларды бір басқару жүйесінің астына жинап, сол өлкедегі бүтін ұлттар мен діндерді бір араға қосты. Бұдан былай осы тайпалардың біріне немесе олардың дініне жасалған шабуыл, бүтін мемлекетке жасалған шабуыл деп саналды. Бұған пайғамбардың (с.а.с.) мына хадисі нақты айғақ болмақ: «Кім мұсылмандармен келісім жасасқан адамды өлтірсе, ешқашан жәннат иісін сезбейді» (Мұслим).

Мемлекет мұсылмандардың мемлекеті болғандықтан, пайғамбар (с.а.с.) басқа сенім өкілдері үшін қолынан келгенше қамқорлық жасады: «Кімде кім мұсылмандармен бейбітшілік келісімін жасасқан мұсылман емес кісілерге әлімжеттік жасаса немесе олардың меншігіне тиесілі бір нәрсені тартып алса – сол адамға Мен Қиямет күнінде қарсы күәлік беремін» (Сунан Әбу Дәуіт) - деген.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) салып кеткен «Мадиналық келісім» жолы бірінші кезекте – қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты, мемлекет ішіндегі қоғам мүшелерінің бірлігін, бейбіт өмірін көздеген. Олай болса біздің елде де түрлі ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр. Ата Заңымыз олардың тіліне, мәдениетіне, дініне қарамастан, бір тудың астында татулық пен бірлікте өмір сүруіне кепілдік береді. Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы мемлекет бола тұра, өз дінін ұстанып, дәстүрін сақтап, өзге дінді құрметтеуге шақырады.

Дамудың даңғыл жолына түскен көпұлтты қазақ елінде діни татулық, өркениетті мәдениет, әр ұлттың өз салт-дәстүрі түсіністік пен бейбітшілік орнаған ХХІ ғасырда сән-салтанаты мен мәнін жоғалтпауы тиіс. Тек «бірлік бар жерде, тірлік барын» ұмытпасақ болғаны.

**Ш.ДОСАНБАЕВА,**  
**«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің басшысы м.у.а.**

## Әлем бейбітшілікті қалайды

Тарихтың талай қатпарларында болған түрлі қиян кескі соғыстарға әлем жұртшылығы куә. Соңғы ХХ ғасырда болған екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем басқаша кейіпке еніп адамзаттың ақыл ойы алға жылжып ғылым мен технологияда бір-бірімен бәсекелестікке түскен заман туған еді. Бірақ «Араб көктемі» деп аталған қозғалыс күллі араб елдерінен бастау алып соңы «ДАИШ» террористік ұйымының құрылуына алып келді. Нәтижесінде көптеген бейбіт азаматтардың өмірмен қоштасуына, жаңа туған сәбилермен жас-жеткіншектердің ес біле діни радикализм дертіне ұшырауына алып келді. Жат жерден бақыттың кілтін іздеп кеткендердің ішінде біздің отандастарымызда болғаны ақиқат. Ол азаматтармен әлі күнге дейін ақпараттық түсіндіру жұмыстары облыс аумағында белсенді қызмет атқарып жатқан теолог мамандар тарапынан бір сәтке де болсын тоқтамауда. Тіпті соңғы «Қаңтар оқиғасы» деп аталған террористік шабуылдан соң түсіндіру жұмыстарын қайта жандандыру керек екендігі үкімет деңгейінде талқыланған болатын. Бұл оқиға еліміз үшін үлкен қасырет болды. Алдағы уақыттарда мұндай трагедиялар болмасын деп тілейік.

Кез келген елдің тілегі де, оның арманы да халқының бейбітшілігін сақтау екені сөзсіз. Елінің әлеуетін дамытып, халқының қауіпсіздігін нығайту арқылы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Өйткені, бейбіт өмір бақыт, береке, бірлік әкелумен бірге, өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік - байлық» деп бекер айтпаса керекті. Бұқара халық әрдайым тыныштықты, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал ұрпағының амандығы келешегінің кемелдігін білдіреді. Бейбітшілікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік үшін күресу қазіргі кезінде ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Содан болар, халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосып отыр.

Бірақ соңғы күндерде орын алып жатқан жағдайлар әлем жұртшылығының назарын аударуда. Дегенмен осындай сәтте Қазақстанның бейтараптылық саясатын ұстағаны әлем көшбасшылары тарапынан құп көрілуде. Себебі қазақ халқы адамзатқа жасалған құлмыс пен жауыздық, қуғын-сүргін, аштық, лабараториялық зерттеулердің барлығын көріп келді. Мұндай жағдай екінші бір ұлттың басына тимесе екен деп тілейді. Бұл туралы Президент Қ.К.Тоқаев ескі «Нұр Отан» қазіргі аты «Аманат» партиясының кезектен тыс съезінде: «Өкінішке қарай, Минск келісімдері қағаз жүзінде қалды. Соның салдарынан Украина аумағында әскери операциялар жүріп жатыр. Геосаяси ахуал бұрын-соңды болмаған жағдайда шиеленісіп кетті. Бұл туралы бірнәрсе айту қиын. Сондықтан екі мемлекетті келіссөз үстелінде тіл табысып, келісімге келуге шақырамын. Басқа жол жоқ. Жақсы даудан, жаман татулық артық. Бейбітшілік болмаса, даму болмайды. Қазақстан қажет болған жағдайда көмек көрсетуге дайын» екендігін жеткізді.

Тіпті осыған байланысты мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Украина Президентімен телефон арқылы сөйлесіп қажет болған жағдайда гуманитарлық көмек көрсетуге әзір екендігін жеткізді. Қазіргі таңда әлем тек тыныштықты ғана қалайды. Адамзат баласының ғылымда алға жылжуына жағдай жасайық. Ал ғылым мен технология бейбітшілік пен тұрақтылық орнаған жерде ғана өркен жаймақ. Халқымызда «еліңнің басы бол, бола алмасаң сайындағы тасы бол» дегендей әрбір адам баласы саналы ғұмырында адамзаттың игілігі үшін ізденіп, еңбек етіп, бір қажетіне жараса игі қадам болмақ.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.**

**ҚР-ның 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» № 120-VI ҚРЗ Кодексінің 93-бабына сәйкес Созақ ауданы бойынша 2022 жылы мәжбүрлі түрде таратылуға жататын субъектілердің тізімі**

№	СТТ	ЖСН/БСН	МҚД коды	Аты-жөні	ЖШС, ЖК және т.б атауы	Ескерту
1	581300210355	030240013569	5813	САЛЕЙДИНОВ МАТИКАРИМ ЭШІРМЕТҰЛЫ	"Елдос-2" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
2	581300211210	050240015261	5813	Жанысбаева Айхан Тореновна	"Ақтас-05" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
3	581300212648	091240005135	5813	САНКИБАЕВ ТАЛГАТ ДУИСЕНБЕВИЧ	"Сервис услуг "Сенім" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
4	581300213206	111240006536	5813	МАУЛЕНОВ ЕЛИБАЙ	"2Д Консалтинг Компаниясы" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
5	581300213393	121140021895	5813	Орынтаев Нұрлан Төлегенұлы	"Нұрасыл-Қайрат" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
6	581300213492	130240023236	5813	НАРЫМБЕТОВ ЕРНУР МУСАГАЛИЕВИЧ	"ERNUR INVEST GROUP" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
7	581300213576	130440002809	5813	Туйменов Эльмира Кошкарловна	"Хангелді-Құрылыс" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
8	581300214446	151140019751	5813	ОМАР МҰХИТ ҚАЙРАТӘЛІҰЛЫ	"СТРОЙМЕГАСНАБ" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
9	581300215180	170540023535	5813	РАСУЛБЕКОВ БАХТИЯР БЕРДИБАЕВИЧ	"TASNIM-GROUP" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
10	581300215235	170640028788	5813	БЕКБОСЫН НАУРЫЗБАЙ ЖАНАЙДАРҰЛЫ	"ADILET GROUP-AC" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
11	581300215653	180440038899	5813	ЕСИМБЕКОВ НУРТАС АБДИЖАППАРОВИЧ	"YES & ABI" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
12	581300215884	190240011247	5813	ӘДІЛ КӨПІРБАЙ ДӘУТІҰЛЫ	"ДӘУТІ АТА" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
13	581300216178	200340024415	5813	Сартаев Бекболат Бахытжанұлы	"BSB Technology" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
14	581100026758	981240004153	5813	Рысбеков Сапарали Турдиевич	"Тәуекел-К" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
15	581300211331	050440001576	5813	Пасечник Татьяна Васильевна	"РИММ" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
16	581300211463	051140010577	5813	МАМЫТБАЕВ ӘКЕТАЙ	"Созақ" СТК	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
17	581300211628	060142015776	5813	АЙМҰРЗАЕВ АМАНҒАЛИ ТҮКТІБАЙҰЛЫ	"Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Созақ аудандық өкілдігі	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
18	581300212989	110340020999	5813	АККУЛОВ АЛГИ САХАНОВИЧ	"Алиаскер" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
19	581300213022	110541001300	5813	Еденбаев Нұрбай Өмірбайұлы	Оңтүстік Қазақстан облыстық адвокаттар алқасы Созақ аудандық заң кеңесі "Қарақұр-Көмек" қайырымдылық қоғамдық қоры	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
20	581300213360	120940014849	5813	ЛАКБАЕВА АУЕС АМИРБАЕВНА	"Нұр-Болыс Строй" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
21	581300213503	130240033752	5813	Ашурметов Шухрат Шерметович	"Магнит-Инжиниринг" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
22	581300213679	130940011320	5813	БЕРДИРАХИМОВ САМАТ КЫДЫРАЛИЕВИЧ	"Т.М."ENERGY" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
23	581300213712	131240010260	5813	СЕЙСЕНБАЕВ ТАЛГАТ МАХАШБАЙҰЛЫ	"MUZ&TAU-KN" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
24	581300214094	150240021851	5813	БЕККУЛИЕВА БАЛЖАН САТУЛЛАЕВНА	"TERISKEY INNOVATION" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
25	581300214237	150840003327	5813	КЕНЖЕТАЙҰЛЫ САМАТ	"Бессаз kz" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
26	581300214512	160140003331	5813	ӘБІЛДАЕВ САМАТ ҚОЖАҚҰЛЫ	"Созақ-Жер" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
27	581300214523	160140009751	5813	Искаков Бауыржан Кайпович	"Sultan NSB" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
28	581300214556	160240012150	5813	ӘЛПЕБАСЕВ СЫРЫМ АСҚАРҰЛЫ	"Қызыл Қанат" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
29	581300214732	160940003028	5813	ЛЕПЕСБАЕВ НУРЛАН БАЛЫКБАЕВИЧ	"БАРЫС-2050" АӨК	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
30	581300215004	170440008101	5813	Анетов Мақсат Куандикович	"ӘДІЛЕТ-1" АӨК	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
31	581300215037	170440014116	5813	ЖҮНІС-ҰЛЫ РУСЛАН	"ҚАРА-ҚҰР-2" АӨК	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
32	581300215068	170440018496	5813	Ержанов Серікбек Ыбрайымұлы	"EXPRESS CLEANING" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
33	581300215862	181240025199	5813	Тұрғанбаев Қанат Тәуекелұлы	"TOO ALASHULY" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
34	581300215873	190140033303	5813	Советова Гүлім Алтынбекқызы	"NR Company Group" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
35	581300215917	190440020085	5813	Ақберді Нұршайық Қанатұлы	"Ерманов-С" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
36	581300216145	200240009963	5813	ТҰРАР СҮНДЕТ НҰРЛАНҰЛЫ	"Шадибеков" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
37	581300216156	200240010005	5813	Шәдібеков Берік Рахашұлы	"Строй Инвестмент Лтд" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
38	151000122275	200540000415	5813	Батыров Ершат Темирбаевич	"Абсент 007" АӨК	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
39	581300216277	201040019391	5813	Әлайдар Нұрдаулет Ерғалиұлы	"Абсент 07" ЖШС	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
40	581300216299	201140011062	5813	Әлайдар Нұрдаулет Ерғалиұлы	ЖК "ТҰРСЫНБАЙ АЖАР БЕКЗАТҚЫЗЫ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
41	581022271598	950908401117	5813	ТҰРСЫНБАЙ АЖАР БЕКЗАТҚЫЗЫ	ЖК "Орынтаева Ұ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
42	581310203181	410915402250	5813	ОРЫНТАЕВА ҰЛДАР	ЖК "ТӨРЕБЕКОВ М.Ө"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
43	581310216876	710201301485	5813	ТӨРЕБЕКОВ МҰРАТБЕК ӨНДІРСЕКҰЛЫ	ЖК "АБЕНОВА Б.А."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
44	581310228437	661027402049	5813	АБЕНОВА БЕЙСЕНКУЛ АБДУАЛИЕВНА	ЖК "БАЖЕНОВА АЙНУР СЕРИКБАЕВНА"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
45	581310245737	720124402790	5813	БАЖЕНОВА АЙНУР СЕРИКБАЕВНА	ЖК "БИБОЛОВА Р.К"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
46	581310266847	641212402457	5813	БИБОЛОВА РСАЛДЫ ҚУАНЫШҚЫЗЫ	ЖК "Наурыз 74"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
47	581310324213	491205401170	5813	ТОЙБАЕВА БИЖАМАЛ	ЖК "Оралбек М.Т."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
48	581310326605	780306401485	5813	ОРАЛБЕК МАНАР ТҰРАРҚЫЗЫ	ЖК "КАФЕ "САИИДА"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
49	581310378124	680306302317	5813	Есбергенов Қайрат Бердібекұлы	ЖК "ТЫНЫБЕКОВА Г.Д."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
50	581310378894	610424402203	5813	ТЫНЫБЕКОВА ГҮЛШАЙЫМ ДАСТАНҚЫЗЫ	ЖК "АЙБОЛАТҰЛЫ Б."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
51	581310378971	810725300714	5813	АЙБОЛАТҰЛЫ БАҚЫТ	ЖК "ӘЛИ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
52	581310385292	830822300567	5813	АБДУЖАЛИЕВ ЖАЛАЛИДИН РАХМАТОВИЧ	ЖК "АБИШЕВ М."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
53	581310387937	481125300774	5813	АБИШЕВ МУСА	ЖК "ДОСТАЕВА Ү.Б."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
54	581310389548	560110401751	5813	ДОСТАЕВА ҮМІТКҮЛ	ЖК "Мақпал-Орифлейм"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
55	581310389779	711005402133	5813	Жұматаева Мақпал	ЖК "Бектемиров А.А."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
56	581310418776	650116301747	5813	БЕКТЕМИРОВ АБДИМАУЛЕН АБСАДЫКОВИЧ	ЖК "МҰРАТ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
57	581320007373	690629301664	5813	Әмірбеков Мұрат Берікбайұлы	ЖК "ӘСЕЛ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
58	581320012156	850816400801	5813	Ундирбаева Гүлнур Ериковна	ЖК "КӨРКЕМ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
59	581320031419	760917301665	5813	Басаров Қасымжан Өтегенұлы	ЖК "МАФРИПА"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
60	581320086230	770321402641	5813	Алдарова Мағрипа Кемеловна	ЖК "ТҰРҒАНБАЕВА ҚАЛДЫКҮЛ ЖАПАБАЙҚЫЗЫ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
61	581320141094	520612401069	5813	ТҰРҒАНБАЕВА ҚАЛДЫКҮЛ ЖАПАБАЙҚЫЗЫ	ЖК "МЫРЗАШЕВ А.К"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
62	581320142928	870812301230	5813	Мырзашев Артур Калдыбаевич	ЖК "БИНАШЕВА М.М."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
63	581320154811	540215402806	5813	Бинашева Мырзақыз Мүгалишевна	ЖК "Айшабибі"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
64	581320182299	931214301177	5813	ӘБДІКАДЫРҰЛЫ ОҢҒАР	ЖК "СЫРҒАБАЕВА ШАРИКҮЛ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
65	581320193891	520429401035	5813	СЫРҒАБАЕВА ШАРИКҮЛ	ЖК "Бегилдаева А.Т."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
66	581320204525	880211401866	5813	БЕГИЛДАЕВА АЙСУЛУ ТУРЕХАНОВНА	ЖК "Ален"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
67	581320262390	950310401463	5813	Тілеубергенова Айнур Әленқызы	ЖК "МИРАС"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
68	581320267226	890422302689	5813	МЕЙРБЕКОВ ЕРКЕБУЛАН БАГДАУЛЕТОВИЧ	ЖК "ХОЖАХМЕТОВ К.Б."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
69	581320273176	840627301804	5813	Хожаметов Қайрат Болатович	ЖК "АНАРБАЕВ НУРЛАН САЙЛАУОВИЧ"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
70	581320274020	790212303357	5813	Анарбаев Нурлан Сайлауович	ЖК "Абдуллаева Д.М."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
71	581320285840	890804402265	5813	АБДУЛЛАЕВА ДИЁРА МИРЗАМАТОВНА	ЖК "Хожаметов Н.Е."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
72	581320296714	900808302156	5813	Хожаметов Надірбек Ергешұлы	ЖК "Ерке"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
73	581320333833	930321302342	5813	Өтенбай Наурызбай Ерубайұлы	ЖК "Көлшікбай Н.К"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
74	581320340913	941031300572	5813	КӨЛШІКБАЙ НУРСҰЛТАН КЕНЖЕҒАЛИҰЛЫ	ЖК "Сейсенова А.О."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
75	581320345177	790105403679	5813	Сейсенова Айгүл Оразбековна	ЖК "Құлманбетова А."	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
76	581320079689	411220401158	5813	ҚҰЛМАНБЕТОВА АМАНКҰЛ	ЖК "Барахханов Т.И"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
77	581320101359	810124302832	5813	Барахханов Темирхан Исевич	ЖК "САНЖАР"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
78	581320348336	590831401905	5813	РЫСДАУЛЕТОВА КАРИМА ТАШМУРАДОВНА	ЖК "ҚОҢЫРБАЙ. А.Ө"	ФНО 910, 2021 жылдың 1, 2 жартыжылдығы
79	580320261752	770214403281	5813	Қоңырбай Айсұлу Өмірзаққызы		



## Хабарландыру

«Шолаққорған-Су» МКК мекемесі 2021 жылғы тариф жөніндегі есебін, 28.04.2022 жылы күндізгі сағат 11.00-де аталған кәсіпорынның ғимаратында өткізеді.

**Ғ.НЫШАНБАЕВ,**  
«Шолаққорған-Су» МКК директоры.

## Орман елдің байлығы

Көктем келген сайын жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға көрік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтылығы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жерінде ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені барша-мызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Қанат ӘБЕНОВ,**  
Созақ орман шаруашылығы мекемесі орманшысының көмекшісі.

## Тылсым табиғат тынысы

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналымыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртеу орнаны адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені барша-мызға белгілі. Ол тіршіліктің қайнар көзі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп –өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Талғат СӘДУОВ,**  
Созақ орман шаруашылығы қорық күзетшісі.

## Орманды өрттен қорғайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірусіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырыпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыздық, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды бакқа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады.

**Айбек ҒАНИЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

## Хабарландыру

KAZ DDG LTD “ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 57-2 бабына сәйкес, 2022 жылғы 5 мамырда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр кенті мекен-жайында мәдениет үйінің ғимаратында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау:

сағат 11-де “қоршаған ортаны қорғау бөлімі” бойынша “Түркістан облысы Созақ ауданындағы “Аппак” ЖШС “Батыс Мыңқұдық” кенішінің 2022-24 жылдарға арналған геотехнологиялық полигон объектілерінің құрылысы”жұмыс жобасына.

сағат 12-де “Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан” Қаратау “кенішіндегі №2 учаскені өнімді ерітінділерді өңдеу цехын жаңғырта отырып кеңейту “жұмыс жобасы бойынша” қоршаған ортаға әсерді бағалау есебі” өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО “Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](mailto:esportal.kz), сондай-ақ [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz). қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## Объявление

ТОО «KAZ DDGLTD», в соответствии со ст. 57-2 Экологического кодекса РК, сообщает, что 5 мая 2022 года по адресу Туркестанская область, Созакский район, п.Тайкоңыр, в здании дома культуры состоятся общественные слушания в форме открытого собрания:

в 11ч. по «Разделу охраны окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство объектов геотехнологического полигона на 2022-24 гг. рудника «ЗападныйМынкудук» ТОО «АППАК» в Созакском районе Туркестанской области».

В 12ч. по «Отчету оценки воздействия на окружающую среду» к рабочему проекту «Расширение с модернизацией ЦППР участка №2 на руднике «Каратау» расположеного в Созакском районе Туркестанской области».

С проектной документацией и можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «УПРиРП Туркестанской области»

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 р.дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экпорале -[esportal.kz](http://esportal.kz), а также по e-mail: [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz).

В случае введения ЧС и (или) ограничительных мероприятий, карантина, слушания проводятся онлайн. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экпорале и на сайте МИО.

Для дополнительной информации: +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## Қоғам болып күресейік!

Сыбайлас жемқорлық кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәеле күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс

жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағлымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қоғам болып, ата-ана болып қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу керек. Сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби біліктілігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы курстарда білімдерін көтеруге жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бүгінгі күннің өзекті талабы.

**Марат ОСПАНОВ,**  
Таукент кентінің әкімі.

## Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-әрбір азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе

қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

**Айнұр ӨТЕБАЕВА,**  
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.



## КЕНБАЙДЫҢ КЕЛІСТІ КЕБІСТЕРІ

Халқымызда «Ерінбеген етікші болады» деген нақыл сөз бар. Міне, осы татымды тәмсілді жадына мықтап түйген шалақорғандық Кенбай Игенбай есімді азамат, ата кәсібіміз етікшілікті қолға алып, жағымды жаңалығымен қуанып жатыр. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы арнайы барып Кенбайдың шеберханасымен танысқаннан кейін, артынша газет қызметкерлері жақсы жаңалықты аудан жұртшылығына жария ету үшін шеберханаға асыға жол тартты.

Кенбай аса көп сөзге жоқ, нағыз етікшіге тән табиғи мінезімен қарсы алып, шеберханалық жұмыстарымен таныстырды. Жұмыс бөлмесінде жағалай ілінген шикізаттар: қайыс, көн, былғары, ұлтан, тоз, жіп, киіз, таспа, тарамыс, желім, жарғақ, мата, түрлі аяқ киімдердің ағаш формалары шебердің шеберханасына ерекше рең беріп тұр. «Ұста ұста емес, ұстаның құралы- ұста» демекші үстелінің үстінде нағыз етікшіге қажетті құрал-саймандары: әр түрлі біздер, түрпі, бақа бас темір, балға, шеге, тістеуік, рант салғыш, тетір пышақ, жібек жіптерде осы жерден табылады.

«Аяқ киімге қажетті заттардың барлығын дерлік қаладан сатып әкелемін. Әзірге досым Мадияр деген кәсіпкер азаматтың жайын пайдаланып отырмын. Алдағы уақытта несиеге қолым жетіп жатса өз алдыма шағын шеберхана, қажетті станоктарды алсам деймін. Осы уақытқа дейін ең керекті деген бір-екі станокты алған едім. Солармен әзірге жұмыс жасап жатырмын, дейді етікші жігіт.

«Мынауың нағыз кебіс пе, жарайды ма тебіске» демекші ойын баласы болып доп тебеміз, ләңгі тебеміз, шайтан арба (велосипед) тебеміз, сонда шыдамды деген аяқ киімнің пора-порасын шығарып тастайтын едік. Кенбайдың кебістеріне қарап тұрсақ шыдамдылығы мен табанының беріктілігі көпке баратын сияқты.

«Етікшіні балға мен бізі асырайды, егіншіні кетпенінің жүзі асырайды» демекші кәсібіне қамқорлық көрсетіліп, қолы жүріп берсе кебістің кез келген барлық түрлерін тігетіндігін де жасырмады. Кенбай осы уақытқа дейін әр түрлі салаларда жұмыс істеген екен. Демек,

ойланып, толғанып, осы кәсіптің өзіне қолайлы кәсіп екеніне көзі анық жеткен соң тәуекелдің қайығына мініп отырған жайы бар деп білеміз. Ол хялы телефоны арқылы осы кәсіпті үйреніп, көршілерінің, туыстарының аяқ киімдерін қолы босаған сәтте тігіп, жамап, өкшелерін ауыстырып жүріп кәсіп шеберге айналыпты. Қажетті материалдарды сатып алатын болса алдағы уақытта мәсі, қырым етік, сондай-ақ жаздық жеңіл аяқ киімдер (салпылдақ, ілмек, сандал) тігуді де жоспарлап отыр екен.

Кеңес кезінде тұрмыс қажетін өтеу комбинаттары (быт-комбинат) деген мекеме болатын. Сол өзі бір орталық іспетті еді. Оның ішінде барлық етікшілер, фотоаграфтар, тері илеу, шаштараз сияқты халықтың күнделікті қажетін өтейтін кәсіп иелері шоғырланып жұмыс жасайтын. Сондай-ақ жұрт әрқайсысын әр жерден жеке-дара іздемей кешенді орталықтан табатын. Сондай орталық та біздің ауданда ашылып қалатын шығар.

Кенбайдың кәсібіне қарап отырып, бүгінде ауыл айнала қоқыстардың «сәнін» келтіріп жатқан «төрт түліктің» терілері мен жүндері-ай шіркін!» деген сөз еріксіз есіңе түседі. Кенбай сияқты шебер жігіттерге таптырмас шикізат дегендер сол емес пе? Ендігі кезекте сол түліктеріміздің өнімдерін ұқсатып, шикізатқа айналдыратын жағдай болса дейсің!

Жастарымыздың көбісі өндіріс орындарына, қалаларға көп ақша табатын жеңіл жұмыс іздеп кетіп жатыр. Ол жұмыстардың да ертең уақытша екені анық. Ал ата кәсіп мәңгілік мұра! Осы кәсіпті меңгеріп алса әсіресе тері илеу, оны бояу, иіту, жүн иіру, тоқыма тоқу деген бабалардан бізге аманатпен жеткен ұлық кәсібіміз мәңгі өлмейді. Сол ата кәсіпті біз іздемесек те, өн бойларында бабаларынан қалған қан бар ғой деп ол кәсіп бүгінде бізді іздеп жүр, ағайын. Отандық өніміміз отбасылық бұйымға айналар күнде қашық емес! Байыпты бастаманы дер кезінде көріп қолдап отырған аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының бағыт-бағдары тағы бір бұлақтың көзін ашқандай болды.

**Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.**

Құмкент совхозының құрылғанына-65 жыл

## Абаттандыру-ауылдың ажарын ашады

«Гүл ек, тал ек, туған жерді түлет» дегендей Құмкент ауыл округіне қарасты Қызылкөл елді мекенінің 1975 жылғы жігіттері туған жерді абаттандыру, көріктендіру, көркейту жөнінде жақсы бастама көтерді. Олар елді мекенге кіре берістегі қақпадан бастап асфальт жолдың екі қапталына ауылға дейін ағаш көшеттерін отырғызып бау өсіруді жоспарлаған еді. Аталған бастаманы іске асыру үшін «Туған жерге» деген қор да ашылды. Оған өткен жылғы күз айынан бастап қаржы түсе бастады. Қорға ауылдан

мақты қоршау жұмыстарын аяқтады. «Жұмыла көтерген-жүк жеңіл» демекші көпшілік болып атқарылып жатқан істің басы-қасында жүрген азаматтардың жүздерінен нұр төгіледі. Бірін-бірі әдемі әзілдерімен қағытып қояды. Қариялардың ақыл-кеңесін алуды да ұмытпайды. Бүкіл елді мекен тұрғындары болып ауыл жастарының игі бастамасына қолдау білдіріп отырмыз. Болашақта ауылымыздың абаттандырылуы, жасыл желекті орман алқабының негізі қалануы кәңілге қуаныш ұялатады. Көктемнің алғашқы



түлеп ұшқан азаматтар мен ауыл тұрғындары атсалысып, әжептеуір қаржы жиналды. Жиналған қомақты қаражатқа темір қадалар мен сым шарбақтар сатып алынды. Келешекте бауға айналдыру мақсатында қоршалып жатқан жердің аумағы жеті гектарды құрайды.

**Игі шараны атқаруды алғашқылардың бірі болып қолдап, жігіттерді ұйымдастырған Аманғали Кенжеғұлов айтады:** - Бұл мәселе көптен бері көңілде жүрген шаруа болатын. 1975 жылы туылған жігіттер кездескен сайын туған жерге бір игілікті іс жасауды жоспарлап жүретінбіз. Өткен жылы жаз айында құрдастарымызмен ақылдаса келе бір тұжырымға келдік. Бұл бастамамызды ауыл жастарына да айттық. Олар бізді қолдады. Ауылдастарымыз да игі істен шеткері қалған жоқ. Ынтымақ пен бірлікті бір арнаға тоғыстырды. Арнайы қор құрылды. Ауылдан түлеп ұшқан азаматтар мен елді мекен тұрғындары қорға өз үлестерін қосып жатыр. Қазір жинақталған қаржыға ағаш егілетін алқапты қоршауға арналған құрылыс материалдары сатып алынды.

«Ауылым-алтын бесігім» дегендей туған жерді түлетуге жасаған бастамамыз ауыл тұрғындарының тарапынан қолдауға ие болды. Бұл күндері ауылдастарымыз жұмылып, қолдан келген көмектерін жасауда,-деді.

**Қызылкөл ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрғали Қазанғапов:**

-Жастардың ауылды көріктендіруге жасап жатқан жұмыстарына бүкіл ауыл болып ризашылығымызды білдірудеміз. Көпті көрген көнекөз қариялар баталарымызды беріп, істеріне сәттілік тіледік.

«Ауылын көріп, азаматын таны» дегендей елді мекен жастарының бастамасымен атқарылып жатқан шаруа келешекте ауылымызды абаттандыратын, көркейтетін, көріктендіретін, ажарландыратын істің бастауы деп білеміз.

Қазір ауылдың жігіттері бау жасайтын ау-

күндерінен басталған бауға арналған алқапты қоршау жұмыстары қарқынды жүргізілді. Игі істің сапалы жүргізілуіне Алмас Теңізбаев, Нұрлан Шоқпаров, Көпжасар Одаманов, Серік Әжібаев, Жұман Ахметов, Үсен Сыздықов, Серік Әлжанов, Егізбай Шәмшиев, Сәдуақас Қаржаубайұлы Ағабек Еркінбеков өз үлестерін қосты.

Ауыл тұрғыны, еңбек ардагері Жақсылық Зұлпыхаров ағамыз ауыл жастарының жақсы бастамасына шын жүрегінен қуанып төмендегі жыр жолдарын арнапты:

*Қолдадым бастамасын жастарымның,  
Жариялап туған жерге тастап үнін.  
Мақсат-қор құрып көркемдету,  
Ауылдың ажарын ашпақ бүгін.  
Айналдырып ауылымды саябаққа,  
Тал егіп гүлдендірмек таяу уақытта.  
Құптаймыз бастамасын жастарымның,  
Қалдырар өмірлікке жақсы нұсқа.  
Жастарым туған жердің болашағы,  
Гүлденсе ауылымның түлегені.  
Жастарға еңбекқорлық жарасады,  
Елім деп соға берер жүрегі енді.*

Ауыл жастарының бастамасымен қолға алынған іс қазіргі күндері қарқынды жүргізіліп, елді мекен тұрғындарының көз қуанышына айналып келеді.

Жанға сая баудың негізін қалауға елді мекен тұрғындары жұмыла кіріскен.

Жастармен әңгімелескенімізде бұл игі шараны Құмкент совхозының құрылғанына 65 жыл толуы мерей тойы аясында атқарып жатқандығын тілге тиек етті. Қоршалған алқапқа түрлі жеміс ағаштары мен сәндік тал көшеттері және қаратал отырғызу жоспарланған. Наурыз мерекесі күні ауыл тұрғындары 3000 түп тал көшеттерін отырғызды.

«Гүлденсе ауыл-гүлденеміз бәріміз» дегендей қызылкөлдіктердің қолға алған шаруасына сәттілік тілеп, еңбектеріне өнімділік болсын дедік.

**Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек  
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.